

**«№8 бөбекжайы» КМҚК директорының
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»
2022 жылғы 11 қаңтардағы
№ 3 бұйрығына №1 қосымша**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8
бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша
жұмыс тобының құрамы**

1. Лихограй Л.В., кәсіподақ комитетінің төрайымы – жұмыс тобының төрайымы.

Жұмыс тобының мүшелері:

2. Крошко Е.Н., директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары;
3. Мычко Е.И. педагог-психолог

Жұмыс тобының хатшысы:

4. Петрова Р.Р., хатшы

«№8 бөбекжайы» КМҚК директорының
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»
2022 жылғы 11 қаңтардағы
№ 3 бұйрығына №2 қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
жүргізу бойынша жұмыс жоспары

№ п/п	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	2021 жылдың 2 жартыжылдығына талдау объектісінің қызметі туралы есептерді жинау	11.01.2022 ж.	Талдау объектілерінің қызметіне жауапты тұлғалар
2	2 тоқсанға тәртіптік тәжірибе туралы ақпарат жинау	12-13.01.2022 ж.	Лихограй Л.В.
3	2021 жылдың 2 тоқсанына мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат	12-13.01.2022 ж.	Мычко Е.И. Крошко Е.Н.
4	Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастыру –басқару қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау	11.01.2022 ж.- 13.01.2022 ж.	Жұмыс тобының мүшелері: Лихограй Л.В., Мычко Е.И., Крошко Е.Н.
5	Талдау анықтамасын дайындау	13.01.2022 ж.	Крошко Е.Н., Петрова Р.Р.
6	Талдамалық анықтамаға қол қою	13.01.2022 ж.	Тусова А.А.



«КЕЛІСІЛДІ»
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
«№8 бөбекжайы» КМҚК директоры
А. Тусова

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама

Қостанай қ.

13.01.2022 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК 11.01.2022 жылғы №3 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2022 жылғы 11 қаңтардан бастап 2022 жылғы 13 қаңтарға дейінгі кезеңде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК (бұдан әрі-№8 бөбекжайы) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Персоналды басқару»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК басқару функциялары: басқарушы (әкімшілік) персонал, негізгі персонал, қосалқы персонал қызмет бағыттары бойынша іске асырылады.

Бөбекжай қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына (лауазымының төмендеуіне), сондай-ақ бөбекжай-бақшаның кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) жасау фактілері анықталған жоқ.

Штат саны: 68 қызметкерді құрайды, бала күтімі бойынша демалыста 6, бос орын 2 (тәрбиеші көмекшісі, қызметтік орындарды жинастырушы), бос жұмыс орындары туралы ақпарат «Епбек.kz» электрондық еңбек биржасында уақтылы орналастырылады.

№8 бөбекжай қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай келе, қызметкерлердің орташа жасы 40 жасты құрайтынын атап өткен жөн. 1 зейнеткер және 1 зейнетке дейінгі жастағы қызметкер.

2021 жылдың 2 жартыжылдығына ауысымдылық 8 адамды құрайды (қаладан тыс жерде некеге тұруға байланысты 1 қызметкер, денсаулығына байланысты 3 қызметкер, тұрғын үйді ауыстыруына байланысты 4 (Аэропорт, Береке жаңа шағын аудандарға қоңыс аудару).

Өздерінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында, қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес 2021 жылдың 2 жарты жылдығында 2 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтті (Щербина Г.Р. «Білім» қайта даярлау және біліктілікті арттыру институтында, Слонимец Ю.С., «Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ).

01.09.2020 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілген «Тәлімгерлік туралы» ережеге сәйкес 1 жылдық еңбек өтілі бар 5 педагогқа тәлімгерлік ұйымдастырылды. Әрбір жас педагогқа тәрбие мен оқыту әдістемесі саласында жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттері, білімі бар тәлімгер, тәжірибелі педагог қызметкер бекітілген. Олар: Есеналина А.К. (Қуанова А. К.), Артюхова А.Н. (Фоглер К.М.), Филатова А.Н. (Смирнова Д.В.), Щербина Г. Р. (Климашева Ю.В.), Ершова Е. В. (Сикорская М. А.). Бұл жұмыс жас мамандармен тәлімгерлік және жас тәрбиешінің мектебі арқылы жүзеге асырылады, оның жетекшісі жоғары санатты тәрбиеші Лихограй Л.В.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, №8 бөбекжайдың азаматтық қызметшілері 2021 жылдың 2 жартыжылдығында Әдеп кодексін және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

«№8 бөбекжайы» КМҚК мүдделер қақтығысы жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында лауазымды тұлғалар мен ұжыммен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша шаралар қабылданды. 10.09.2020 жылғы №24 бұйрығымен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты мен этика Кодексі бекітілді. Бөбекжай директорымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы КЕЛІСІМГЕ қол қойылды. Бұл қызметтік жағдайды жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануды шектейді. 30.04.2021 жылы №9 директордың қатысуымен өткен мәжілісте ұжым «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы жаңалықтармен» таныстырылды.

Жалпы, «№8 бөбекжайы» КМҚК азаматтық қызметшілерінің қызметі қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызметтер көрсету»

Қазіргі уақытта Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК барлығы 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

2021 жылдың 2 жартыжылдығына «№8 бөбекжай-бақшада» портал арқылы балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау және есепке алу бойынша «Электронды балабақша» indigo24.kz арқылы 42 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

2021 жылдың 2 жартыжылдығына «№8 бөбекжайы» педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттау бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетілмеді (педагог-модераторлар).

Жыл сайын мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шараларының медиа-жоспары бекітіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша мәселелер жыл сайын директордың қатысуымен өтетін кеңестерде қаралады (31.03.2021ж. №8 хаттама).

Жыл сайын білім бөлімінің мамандарымен оқыту семинарлары, вебинарлар өткізіледі:

Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ және «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және жалпы орта білім кабинеті 2021 жылғы 9 қарашада ZOOM арқылы онлайн режимінде «Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың заманауи мүмкіндіктері: ECERS шәкілдері» таныстыру вебинарын өткізді. Сондай-ақ Оуна республикалық балалар институтымен бірлесіп ZOOM арқылы онлайн режимінде ECERS-3 (12 қараша, 20 қараша, 27 қараша, 04 желтоқсан) шкалалар бойынша бірқатар вебинарлар өткізілді. Қатысуға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, педагогтары шақырылды;

Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ және мектепке дейінгі және жалпы орта білім кабинеті «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 30 қарашада ZOOM арқылы онлайн режимінде «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудегі Медиа шығармашылық» облыстық семинарын ұйымдастырды («балабақшадағы медиасауаттылық» инновациялық алаңы).;

Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ және мектепке дейінгі және жалпы орта білім кабинеті «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 19 қарашада ZOOM арқылы онлайн режимінде балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілеріне арналған «Сұрақтар мен жауаптардағы аттестаттау» семинарын ұйымдастырды;

Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ 2021 жылғы 30 маусым – «е-Өтініш» ақпараттық жүйесін енгізу және жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекспен таныстыру бойынша семинары;

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 19 қарашада «Білім бөлімінің № 14 негізгі орта мектебі» КММ базасында директорлардың АКТ жөніндегі орынбасарлары, бағдарламалық қамтамасыз ету инженерлері үшін Қостанай қаласының білім беру ұйымдарында нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бойынша семинар өткізілді;

27 желтоқсанда «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жоспарға сәйкес онлайн режимінде ZOOM арқылы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін көшбасшылық мектебі өткізілді, қатысушылар мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері болды.

Балабақшаның sadik8.kz сайтында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша нормативтік құжаттамалар орналастырылған.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бөбекжайдың бірінші қабатында орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі «№8 бөбекжайы» КМҚК директорының тұрақты бақылауында.

Проблемалар.

Портал арқылы балаларды мектепке дейінгі ұйымға кесепке алу және қабылдау бойынша «Электронды балабақша» indigo24.kz арқылы мемлекеттік қызмет көрсету уақытында:

- эпид ортасы туралы анықтаманы бекіту үшін қойынды жоқ, ата-аналар ПМПК бойынша терезеге бекітеді;

- кейбір анықтамаларды екі жағынан сканер жасау керек, ал бағдарлама PDF форматын қабылдамайды, сондықтан олар тек құжаттың алдыңғы жағына сканер жасайды;

- ұйымға жүйеде қол қою туралы жаңа келісім пайда болғанын хабарлау қажет, әйтпесе Мемлекеттік қызмет көрсету уақыты (30 минут) аяқталады және бұзушылық болып саналады.

- дұрыс бекітілмеген құжаттарды ата-аналарға пысықтау үшін қайтару уақыты мемлекеттік қызмет көрсету уақыты ретінде есептеледі және Мемлекеттік қызмет көрсету уақытының ұлғаюына байланысты бұзушылық ретінде есептеледі.

Бұл мәселелер Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлім» ММ мектепке дейінгі тәрбие секторына жолдаған 2021 жылғы 23 сәуірдегі №30 хатында белгіленді. сондай-ақ 23.04.2021 жылы Indigo электрондық балабақша сайтының қолдау қызметінің маманымен хат алмасу скрины бар.

«Рұқсат беру қызметін іске асыру»

№8 бөбекжайы рұқсат беру қызметін жүзеге асырмайды.

«Бақылау қызметін іске асыру»

№8 бөбекжайы бақылау қызметін жүзеге асырмайды.

«№8 бөбекжайдың ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2021 жылғы 2 жартыжылдығының жағдайы бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№8 бөбекжайы» КМҚК жеке тұлғадан 1 өтініш түсті, оның ішінде: 1 – өтініш, шағымдар – 0, өзге де өтініштер – 0. Заңды тұлғалардан – 0.

1 өтініш қаралды (қанағаттандырылды – 1, түсіндірілді – 0, қанағаттандырудан бас тартылды – 0 (1 өтініш бұрынғы қызметкердің еңбек өтілін растау бойынша сұрау салу (РФ Зейнетақы қорын басқару). Жауаптар «Өтініштер туралы» Заңға сәйкес жіберілді.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап «Е-өтініш» АЖ өтініштерін электрондық есепке алуға көшті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 4-бабының 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі ашықтық және жариялылық қағидаты болып табылады. Осы бағытта жұмыстар жүргізілуде (ақпаратты бөбекжай бақша сайтында, «Facebook», «Инстаграм» сайттарында, Watcарата – аналар топтарында, стендтерде орналастыру). Ақпарат бөбекжай бақша қызметін ұйымдастыру, оқу-

тәрбиепроцесі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мәселелерін қарастырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мәселелер 30.04.2021 ж. №9, 29.10.2021 ж. №3 директор жанындағы кеңесте тыңдалады.

Мектепке дейінгі ұйым туралы және балабақша қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін Интернет-сайттарға, бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алулар»

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі және өнім берушімен қандай да бір байланыс болмайды. Шарттарды жасасудың тек электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бір көзден алу тәсілімен жасалған мемлекеттік сатып алу шарттарының үлесі (жасалған шарттардың жалпы санының 95%).

Алайда, коммуналдық қызметтер бойынша шарттар бір көзден жасалады, өйткені бұл кәсіпорындар өз саласында монополистер болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу

қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. «№8 бөбекжайы» КМҚК азаматтық қызметшілеріне ҚР «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Заңын, Әдеп кодексін, МДҰ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтау.

2. Жауапты тұлға Захарова Е.А. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, әдеп кодексін сақтау және оны sadik8.kz ресми сайтына орналастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты: Е.А.Захароваға, Р.Р.Петроваға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, интернет ресурстарда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізу.

4. «Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызметін көрсету процесін жақсарту мақсатында INDIGO электрондық балабақша сайтын жетілдіру талап етіледі.

Жұмыс тобының төрайымы



Лихограй Л.В.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:



Крошко Е.Н.
Мычко Е.И.